Құқықбұзушылықтың алдын алу отырысы болып өтті

**Хаттама №2**

**Қатысқаны:**

**Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер:**

1.Мектептің 2023-2024 оқу жылына арналған әлеуметтік паспортын талдау.
2.5-9 сынып оқушыларының аутодеструктивті көңіл-күйін анықтау үшін сауалнама нәтижелерін талдау.
3. Оқыту кезеңінде қауіп-қатер аймағындағы отбасыларға (толық емес отбасылар, тұрмысы нашар отбасылар, баланы өгей әкесі, өгей шешесі тәрбиелеп отырған отбасылар, үшінші тұлғалардың қамқорлығында рейдтік іс-шараларды талдау.

**Тыңдалды.**

Бүгінгі құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысын күн тәртібіндегі мәселелер бойынша М.К.Искакова таныстырып өтті.

**Бірінші мәселе бойынша**-. Мектептің 2023-2024 оқу жылына арналған әлеуметтік паспортының жаңартылып жасалғаны жөнінде айтылды. Жартылай жетім, сәтсіз отбасы, Көп балалы, аз қамтылған оқушылар жөнінде тізімдері алынып жасалды. Ауылда азқамтылған отбасы жоқ.Толық емес отбасы бір отбасы.Алдағы уақытта мектептегі шаралара аталған отбасылардың балалары іс шараларға тартылады. Үнемі ата аналарымен байланыс жасалып отырылатыны жөнінде айтты.

**Екінші мәселе бойынша -** мектеп психологі сөз алды.
5-9 сынып оқушыларының аутодеструктивті көңіл-күйін анықтау үшін сауалнама нәтижелерімен таныстырды. Оқушылармен байланыс жасалып отырылады. 5-9 сынып оқушыларынан аутодеструктивті көңіл күйін анықтау мақсатында сауалнама алынды. Әр сауалнамаға анықтамасы жазылды.

**Үшінші мәселе бойынша-** Тәрбие ісінің орынбасары сөз алды. Оқу жылыны басында қауіп қатер аймағындағы яғни тұрмысы нашар, толық емес отбасылар, өгей ата аналармен тұратын отбасылардың тізімі алынды. Алынған тізім негізінде аталған отбасыларға үйлеріне барып тұрамын. Сынып жетекшілерімен ата аналармен байланыстамын. Мектебімізде өгей әкемен тұратын 1 оқушы бар.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1.Мектептің 2023-2024оқу жылына арналған әлеуметтік паспортын жаңартылсын.

2.5-9 сынып оқушыларының аутодеструктивті көңіл-күйін анықтау үшін сауалнамаларын талдау нәтижелері есепке алынсын.

3. Әкесі жоқ толық емес отбасының баласына рейдтік іс-шаралары үнемі жасалып отырылып дәптерге жасалып отырсын.

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары :** **М.К.Искакова**

**Хатшы:** **Қ.Б.Түсіпова**